

**8D10111- «Қоғамдық денсаулық сақтау» білім беру бағдарламасы
бойынша (PhD) философия докторы дәрежесін алу үшін ұсынылған
«Экологиясы қолайсыз аймақта тұратын жасөспірім қыздардың
репродуктивтік денсаулығын жақсартудың әлеуметтік-медициналық
қырлары**

**(Түркістан облысы мысалында)» тақырыбындағы
Рыскелдиева Кенжегүл Жанысбаевнаның
диссертациялық жұмысына**

ҒЫЛЫМИ КЕҢЕСШІНІҢ ШІКІРІ

К.Ж. Рыскелдиеваның (PhD) философия докторы дәрежесін алу үшін дайындаған диссертациялық жұмысы жасөспірім қыздардың репродуктивтік денсаулығын жақсартудың экологиялық, әлеуметтік-медициналық жолдарын анықтауға бағытталған. Жасөспірімдік кезең-адам өміріндегі ең маңызды кезеңдердің бірі. Бұл кезеңде ағзаның репродуктивтік жүйе қызметінің қалыптасуы орын алады. Репродуктивтік жүйенің қызметтік жетілуі репродуктивтік ағзалардың даму үрдісінің дұрыс жүруіне тікелей байланысты. Осыған байланысты жасөспірім қыздардың жалпы денсаулығы мен репродуктивті ағзалардың дұрыс қызмет атқаруға дайындығын қамтамасыз ету қоғамның маңызды міндеттемелерінің бірі. Осы тұрғыдан алғанда, аталмыш жұмыстың тақырыбы өзекті болып табылады.

Докторант ғылыми жұмысты жазу барысында зерттеу бағдарламасын құру, көлемін таңдау, оның барлық кезеңдерінде зерттеу жүргізуді ұйымдастыру және статистикалық бағдарламаны таңдау, деректерді өңдеу мен зерттеу нәтижелерін түсіндіру, диссертацияны жазу, қорғауға ұсынылатын негізгі қағидаларды тұжырымдау, қорытындылар мен ұсыныстарды жеке орындады.

Алынған зерттеу нәтижелері негізінде докторант экологиялық қолайсыз аймақта өмір сүретін жасөспірім қыздардың репродуктивтік қызметіндегі бұзылыстарға алып келетін негізгі әлеуметтік-гигиеналық себептердің қауіптілік дәрежесіне сандық баға беріп, репродуктивтік қызметті әлеуметтік-гигиеналық мониторингке арналған индикаторлық көрсеткіштер жүйесі

жасады және оны тәжірибеге енгізуге ұсыныс жасады. Бұл ұсыныстар емдеу–профилактикалық ұйымдардағы акушерлік–гигиеналық аймақтардың жұмысын ұйымдастыруда қолдану жасөспірім қыздардың репродуктивтік бұзылыстарын ерте кезеңнен анықтауға және асқынулардың алдын алуға көмектеседі.

Докторанттың ғылыми жұмысы шеңберіндегі ұсынылған нәтижелерінің ғылыми жаңалығы бар және қоғамдық денсаулық және денсаулық сақтау саласындағы ғылыми бағыттың дамуына үлес қосады.

Жоғарыда айтылғандарды қорытындылай келе, докторант К.Ж. Рыскелдиева диссертациялық зерттеудің барлық міндеттерін орындағанын, қажетті тәжірибелік дағдыларды игергенін атап өткім келеді. Ғылыми жұмыс философия докторы дәрежесін алу үшін диссертацияға қойылатын талаптарға сәйкес келеді, ал диссертант 8D10111- «Қоғамдық денсаулық сақтау» білім беру бағдарламасы бойынша (PhD) философия докторы дәрежесін алуға лайықты.

Ғылыми кеңесші,
Қожа Ахмет Ясауи атындағы
Халықаралық қазақ-түрік университеті,
«Қоғамдық денсаулық сақтау және ғылыми
зерттеулер» кафедрасының м.ғ.д., профессор

Қолын _____
Р.Қ.Т.М.Ы.Н. _____
Халықаралық қазақ-түрік
университеті
Адам ресурстарын басқару
бөлімінің бастығы

И.С. Молдалиев

